



«Келісілді»  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Мектепке дейінгі және орта білім  
комитетінің төрағасы  
  
М. Мелдебекова  
« 11 » 01 2021 ж.

«Бекітемін»  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
«Ұлттық тестілеу орталығы»  
РМҚК директоры  
  
Д. Смагулов  
« 11 » 01 2021 ж.

**Француз тілі пәні бойынша мектеп бітірушілерді  
қорытынды аттестаттауға арналған тест спецификациясы**  
(2021 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест спецификациясы келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім деңгейінің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (5-9 сынып);

– ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

**Тестті әзірлеу мақсаты:** Француз тілі пәні бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру дәрежесін анықтау.

**Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 5, екінші деңгейде – 6, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Кешенді тест мектеп бітірушінің коммуникативті-тілдік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейлерін анықтайды. Тест екі бөліктен тұрады:

**I блок – Тыңдалым**

Бұл бөлімде тыңдауға 2 мәтін және әр мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Тыңдалымға ұсынылған материал 2 минуттық үзілісті сақтай отырып, 2 қайтара жазылған. Әр мәтінді тыңдап болған соң, оған арналған тест тапсырмаларын орындауға уақыт беріледі. Екі мәтін арасындағы үзіліс – 5 минут.

Мектеп бітірушілердің қазақ тілінде мәтінді ауқымды және түбегейлі түсінуі фондық қабылдау үрдісінде тілдік, әлеуметтік-мәдени, компенсаторлық, оқу-танымдық құзіреттілігі камтылған тілдік материалдар негізінде тексеріледі.

**II блок – Оқылым**

Бұл бөлімде оқуға 2 мәтін ұсынылады. Бірінші мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Оның ішінде 3 тест тапсырмасы мәтін мазмұнына, 2 тапсырма тілдік бағдарға құрылады.

Екінші мәтін бойынша ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін 3 тест тапсырмасы беріледі. Сол арқылы білім алушының «Жазылым» дағдысы тексеріледі.

Тестке жалпы білім беретін мектептерге арналған француз тілі пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Мақсаттары
01	Тыңдалым	01	Үйде және үй сыртында. Тірі организмдер. Құндылықтар. Жұмыс әлемі. Қиял әлемі. Спорт, денсаулық, дене шынықтыру.	01	Мәтін мазмұнын түсіну, мәтіннен негізгі ақпаратты табу.
				02	Мәтіннің негізгі ойын, атауын және идеясын анықтау.
				03	Мәтін мазмұнына салыстырмалы талдау жасау, қорытындылау және сыни бағалау.

02	Оқылым	02	Оқу сауаттылығы	04	Мәтін мазмұнын түсіну, мәтіннен негізгі ақпаратты табу.
			Демалыс және саяхат. Батырлар. Тұрғылықты жер. Драма және комедия. Транспорт. Қызығушылық және бос уақыт.	05	Мәтіннің негізгі ойын, атауын және идеясын анықтау.
				06	Мәтін мазмұнына салыстырмалы талдау жасау, қорытындылау және сыни бағалау.
		03	Лексикалық нормалар	07	Сөзді тура және ауыспалы мағынада қолдану; синонимдер, антонимдер, көп мағыналы және көпбуынды сөздер
			Коммуникация және технологиялар. Космос және Жер. Ойын-сауық және медиа.	08	Тұрақты сөз тіркестерін қолдану: фразалық етістіктер, идиом, мақалдар, перифразалар, сөздердің өз мағыналарында қолдану.
				09	Тақырыптық сөйлеу лексикаларын қолдану, орфография
		04	Грамматикалық нормалар	10	Зат есім. Зат есімнің родтары. Зат есімнің көпше түрі. Сөз таптарын, зат есім түрлерін, зат есімнің тәуелдік формаларын қолдану.
			Киім және мода. Біздің айналамыздағы әлем. Табиғат әлемі. Тамақ және сусындар. Хобби. Қайырымдылық және конфликт.	11	Артикль. Белгілілік артикль. Белгісіздік артикль. Біріккен артикль. Бөлшектік артикль. Предлогтар. Предлогтардың қолданылуы. Шылаулар. Артикльдердің түрлерін, предлогтарды және шылауларды қолдану.
				12	Сын есімдер. Сын есім родтары. Сын есімдердің түрлері. Сілтеу сын есімдері. Тәуелдік сын есімдері. Сұраулы сын есімдер. Сын есім шырайлары. Анықтаушы - сын есімнің орны.
				13	Есімдіктердің түрлерін қолдану: жеке, тәуелдік, өздік, сілтеу, белгісіздік, болымсыз және сұраулы есімдіктер. Реттік және жалпы сан есімдердің орфографиялық сақталуы.
				14	Үстеу. Үстеудің жасалуы. Сан есімдер. Жалпы сан есімдер. Реттік сан есімдер. Сан есімдер мен үстеулердің қолданылуы.



				15	<p>Осы шақ есімшесі (participe présent). Өткен шақ есімшесі (participe passé). Көсемше (gérondif).</p> <p>Етістік. Осы шақ (Présent). Шектелмеген өткен шақ (Imparfait). Жай өткен шақ (Passé simple). Жай келер шақ (Futur simple). Күрделі өткен шақ (Passé composé). Бұрынғы өткен шақ (Plus-que-parfait). Жедел өткен шақ (Futur immédiat). Жедел келер шақ (Passé immédiat). Етістіктің болымсыз түрі. Ырықсыз етіс. Тұйық етістік. Өздік етістіктер. Төл сөз және төлеу сөздерді қолдану, шақтардың қиылысуы. Рай түрлерін қолдану.</p>
03	Жазылым	05	Салт-дәстүрлер және тіл. Музыка және фильмдер. Саяхат және туризм.	16	<p>- жалпы және оқу тақырыптары бойынша өз бетімен мәтін деңгейінде жұмысты жоспарлау, жазу, өңдеу және түзету;</p> <p>- тақырып, жанрға сәйкес түрлі көлемде лексикалық қорды қолдану, грамматикалық тұрғыдан дұрыс жазу;</p> <p>- жалпы оқу тақырыптары бойынша грамматикалық сауатты жазу.</p>
				17	<p>- жалпы және оқу тақырыптары бойынша жазудың кең, түрлі жанрында белгілі ресми деңгейде қолдау үшін сәйкес стиль мен регистрді қолдану;</p> <p>- жалпы және оқу тақырыптары бойынша жазбаша жанрлар үшін қажет болған жағдайда мысалдар мен себептерін ұсына отырып логикалық дәлелдерді дамыту;</p>
				18	<p>- жалпы және оқу тақырыптары бойынша мәтіннің кең көлемді деңгейінде сәйкес өз жоспарын қолдану;</p> <p>-жалпы және оқу тақырыптары бойынша түрлі қызметі көмегімен жаңалықтарды хабарлау және жауап беру және көңіл-күйін білдіру;</p> <p>- жалпы және оқу тақырыптарын кең түрлендіруде мәтін деңгейінде жазба жұмыстарында тыныс белгілерін жоғары деңгейде нақты қою.</p>

**Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

Курстың оқу бағдарламасы бойынша білім алушылар меңгеруі тиіс:

Тыңдалым: түрлі жанрдағы аутентикалық мәтіндердің негізгі идеясын түсіну, таныс және жартылай таныс тақырыптарды талқылау, схема, таблица, формаларды толтыру үшін нақты хабарламаларды енгізе отырып, функционалдық мағынасын анықтау, жалпы және оқу тақырыптары бойынша мәтіндердің негізгі бөлімдері мен терминдердің мағыналарын түсіну; нақты дәлелдер мен пікірлерді ажырату, жалпы және оқу тақырыптары бойынша түрлі жанрлар мен стилдерде орта көлемді мәтіндерде қарама-қайшылықтарды анықтау және салыстыру, контекстке байланысты таныс емес сөздердің мағынасын табу.

Француз тілінің қолданылуы: жақсы лексикалық және тілдік қорды қолдана отырып, дәлдіктің жоғары деңгейінде өз пікірін білдіру дағдысы. Өткен шақтың түрлерін, осы және келер шақ, модальды етістіктер, ырықты, ырықсыз етістер, төлеу және төлеу сөздерді қолдану.

Оқылым: оқу ережесін қолдана отырып, құбылыстар мен оқиғалардың себептері мен уақытын анықтай отырып, әлеуметтік ғылымдар туралы түрлі жанрлар мен стильдегі ғылыми және көркем әдебиеттер мәтіндерінің негізгі идеясын түсіну, сөз мағынасын талдау және салыстыру, түрлі стиль мен жанрдағы мәтіндер мазмұнын сыни тұрғыдан бағалау.

Жазылым: жазбаша жұмысқа қысқаша шолу жасау және жоспарлау; түрлі стиль мен жанрдағы мәтіндерді өңдеу және түзету; грамматика мен жазу ережелерін сақтау; бұқаралық ақпарат құралдары негізінде жазбаша түрде дәлелдер келтіру; талқылап отырған сұраққа қатысты пікірін білдіре отырып, дискурсивті мәтіндер құрастыру; ресми хаттар мен басқа құжаттар жазу; гуманитарлық бағыт ғылымдарын қоса, жоғары деңгейде эссе жазу.

**Тест тапсырмаларының формалары:**

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты және ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін тест тапсырмалары.

**Тест тапсырмаларының саны:**

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының саны – 18: бір дұрыс жауапты 10 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы, ашық түрдегі қысқаша немесе толық жауапты 3 тест тапсырмасы.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Тестті жалпы орындау уақыты – 80 минут.

**Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау:**

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 10 балл.

Контекст негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл.

Ашық түрдегі дұрыс орындалған 1 тест тапсырмасына 0-ден 5 балға дейін, максималды – 5 балл. Барлығы – 15 балл.

Барлық тест бойынша жиналатын максималды балл – 30.